

«Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № Б-311 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп

Есеп беру кезеңі: 2025 жыл

Мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы / орындалмауы туралы ақпарат)
		Жоспар	Факт	
1	2	3	4	5
1-стратегиялық бағыт. Қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету				
1.1-мақсат. Банк секторының орнықтылығын арттыру				
1-нысаналы индикатор. Банктердің несие портфеліндегі негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен асқан қарыздар үлесі	%	0-3,9	3,6	Орындалды
1.2-мақсат. Сақтандыру нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру				
2-нысаналы индикатор. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі	коэффициент	1-ден 2,41-ге дейін	1,80	Орындалды
1.3-мақсат. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру				
3-нысаналы индикатор. БҚНҚҚ капиталының 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	6-15	7,2	Орындалды
2-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының экономиканы қаржыландырудағы тиімділігін арттыру				
2.1-мақсат. Екінші деңгейдегі банктердің нақты секторға кредит беруін кеңейту				
4-нысаналы индикатор. Банктердің бизнеске берілген кредиттерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	40-50	37,3	93,3%-ға орындалды

2.2-мақсат. Сақтандыру секторының экономикадағы рөлін арттыру				
5-нысаналы индикатор. Сақтандыру ұйымдары активтерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	15-25	56,7	Орындалды
2.3-мақсат. Ұлттық қор нарығының экономиканы қаржыландырудағы және инвестициялар тартудағы рөлін күшейту				
6-нысаналы индикатор. KASE-ге тартылған қаражаттың жиынтық көлемінің 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	кем дегенде 100	533,4	Орындалды
2.4-мақсат. Микроқаржыландыру нарығының экономиканың өсуін қамтамасыз етудегі маңызын арттыру				
7-нысаналы индикатор. МҚҚЖҰ несие портфеліндегі бизнеске берілетін микрокредиттердің үлесі	%	кем дегенде 50	56,6	Орындалды
3-стратегиялық бағыт. Қаржы ұйымдарының адал іс-әрекетін қамтамасыз ету, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту				
3.1-мақсат. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру				
8-нысаналы индикатор. Қаржылық сауаттылық индексі	%	41,5	41,5	Орындалды
4-стратегиялық бағыт. Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту				
4.1-мақсат. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту және қаржы нарығында инновацияларды енгізу				
9-нысаналы индикатор. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша Агенттікке бекітілген іске асырылған іс-шаралар коэффициенті	%	75	83,3	Орындалды

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту
агенттігінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының
іске асырылуы туралы 2025 жылғы есепке
талдамалық жазба**

Мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу

**1-стратегиялық бағыт. Қаржы нарығының тұрақтылығын
қамтамасыз ету**

1.1-мақсат. Банк секторының орнықтылығын арттыру.

1-нысаналы индикатор. Банктердің несие портфеліндегі негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша 90 күннен астам төлем мерзімі өткен қарыздар үлесі – 0-3,9% (2026ж.01.01. – 3,6%).

2025 жылы Агенттік банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру үшін тәуекелге бағдарланған қадағалауды іске асыруды жалғастырды.

1. Агенттік қадағалау рейтингтерін бере отырып, 21 банк бойынша Supervisory Review and Evaluation Process (SREP) жыл сайынғы қадағалап бағалауын өткізді. SREP қорытындысы бойынша сектордың жүйелік орнықтылығы расталды: 19 банкке (90%) төмен және орташа тәуекел деңгейі, екі банкке – жоғары деңгей берілді. Олар бойынша активтердің сапасын жақсарту және капиталдандыруды арттыру жоспарлары бекітілді.

SREP нәтижелері банктердің негізгі бизнес-процестерінде айтарлықтай прогреске қол жеткізілгенін көрсетті. Капитал мен өтімділіктің жеткіліктілігін ішкі бағалау рәсімдері күшейтілді, кредиттік тәуекелді басқару, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жақсартылды.

2025 жылы Агенттік алғаш рет SREP-тің 2024 жылғы қадағалап бағалауының нәтижелері туралы есеп жариялады. Құжат бағалаудың негізгі нәтижелерін көрсетеді, сондай-ақ қолданылатын әдіснаманы және қадағалап талдаудың процесін егжей-тегжейлі сипаттайды, бұл оны банк секторының жағдайы мен орнықтылығын түсінудің маңызды құралына айналдырады.

2. Жүйе активтерінің 86%-ын қамтитын 11 банк бойынша тұрақты Asset Quality Review (AQR) жүргізілді. 32,8 трлн теңге көлеміндегі берешекке талдау жүргізілді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 19,7%-ға артық. AQR қорытындысы бойынша капиталдың жеткіліктілігі 17,7%-ды құрады, бұл ең төмен деңгейден (5,5%) айтарлықтай жоғары.

3. Агенттік AQR аясына сәйкес 11 банкті қадағалап стресс-тестілеуді (ҚСТ) өткізді. ҚСТ нәтижелері бойынша стресстік сценарийде 11 банк бойынша капиталдың жиынтық жеткіліктілігі 17,7%-дан 16,1%-ға дейін төмендеді, бұл да ең төмен реттеушілік талаптан жоғары (5,5%).

4. 2025 жылы пруденциялық реттеу мен қадағалауды Қаржы секторын бағалау бағдарламасының (FSAP) қорытындылары бойынша Базель стандарттарына және ХВҚ ұсынымдарына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс аяқталды. Банк конгломераттарын шоғырландырылған қадағалаудың негізгі элементтерін енгізу аяқталды. 2025 жылғы қазаннан бастап банк конгломераты деңгейінде шоғырландырылған нормативтер, сондай-ақ тәуекелдерді басқару

және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптар қолданылады.

Банк капиталының оның баланстық және баланстан тыс міндеттемелерінің жиынтық көлемінің кемінде 3%-ы деңгейінде жеткіліктілігіне қойылатын талапты көздейтін леверидж коэффициенті енгізілді, бұл міндеттемелердің шамадан тыс өсуін шектеуге бағытталған.

Заңнамалық деңгейде Агенттік пен Ұлттық Банктің макро- және микропруденциялық реттеу құралдары жөніндегі құзыреті нақты бөлінді.

5. Банк жүйесінде жұмыс істемейтін кредиттер мен активтерді төмендету бойынша жұмыс жалғастырылды. 2025 жылы банктердің жұмыс істемейтін активтерді төмендету жөніндегі жоспарларын (NPA) іске асыруын бақылау жалғастырылды. Осы жоспарлар шеңберінде банктер қарыздарды реттеу, олар бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға сатуды қоса алғанда, қарыздарды өтеу, банктер мен күмәнді (стресстік) активтерді басқару жөніндегі ұйымдардың балансынан кепілдер мен мүлікті сату, мүлікті банктердің балансына қабылдау жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ қарыздардың сапасын жақсарту жөніндегі өзге де іс-шараларды іске асырады.

Нәтижесінде 2020ж.01.10. – 2026ж.01.01. аралығындағы кезеңде NPA сомасы 2 778 млрд теңгеден 1 390 млрд теңгеге дейін 50%-ға қысқарды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2024 жылы стресстік активтер бойынша цифрлық платформаларды іске қосу үшін қажетті құқықтық база құрылды. Қазіргі уақытта 2 цифрлық платформа жұмыс істейді – DMAS (2024ж. қазаннан бастап) және Debex (2025ж. мамырдан бастап). Цифрлық платформаларда 227,6 млрд теңге сомасына стресстік активтер сатылды.

Жоғарыда көрсетілген шаралар банк секторының орнықтылығын арттыруға ықпал етеді. 2026ж.01.01. жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінде негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен астам кешіктірілген қарыздардың үлесі 3,6%-ды құрады, ал жоспарлы мәні 3,9%-дан аспайды.

1.2-мақсат. Сақтандыру нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру.

2-нысаналы индикатор: Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі – 1-ден 2,41-ге дейін (2026ж.01.01. – 1,80).

Бұл индикатор тәуекелдің алты негізгі санатын қамти отырып, сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын бағалайды: капитал, активтер, резервтер және қайта сақтандыру, менеджмент, кірістілік және өтімділік. Көрсеткіштің жоспарлы мәндеріне қол жеткізу айтарлықтай дәрежеде сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері мен таза сақтандыру сыйлықақыларының өсуіне байланысты.

1. Supervisory Risk Evaluation System (SRES) жыл сайынғы қадағалап бағалау жүргізілді, оның нәтижесінде сандық және сапалық көрсеткіштерді ескере отырып, әрбір сақтандыру ұйымына қатысты қадағалау назарының 2025 жылға арналған деңгейлері белгіленді.

2. Сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін дербес бағалауға жыл сайынғы талдау (Insurance Regulatory Information System, IRIS) жүргізілді, нәтижесінде стандартты деректер диапазонынан 4 және одан да көп ауытқулары бар сақтандыру ұйымдары айқындалды, ауытқулардың себептерін анықтау бойынша жұмыс жүргізілді.

3. 2025 жылы Solvency II халықаралық стандартының элементтерін Қазақстанның сақтандыру нарығына бейімдеу жалғасты: Сақтандыру ұйымдарының бағалы қағаздары портфельдерін талдау және тәуекелсіз кірістілік қисығының өзгерістерін болжау негізінде пайыздық тәуекелді өтеу үшін талап етілетін капиталды айқындау жөніндегі нұсқау әзірленді, сондай-ақ талап етілетін капиталды жыл сайынғы меншікті тәуекелге бағдарланған бағалау (Solvency Capital Requirement, SCR) талабы енгізілді, оның шеңберінде сақтандыру ұйымдары Solvency II тәсілдеріне сәйкес дербес есептеулер жүргізді.

4. 2025 жылы Агенттік Insurance Core Principles, Solvency II және 17 ХҚЕС халықаралық стандарттарына негізделген сақтандыру секторын қадағалаудың интеграцияланған моделін әзірледі. Пилоттық жоба шеңберінде модель аса ірі сақтандыру компанияларында сыналды және бизнес-модельді, тәуекелдерді басқару жүйесін, корпоративтік басқаруды және капиталдың жеткіліктілігін кешенді бағалауды қамтиды.

Сонымен қатар модель тұтынушылардың құқықтарын қорғауға және жосықсыз практикалардың алдын алуға бағытталған іс-қимылды қадағалау блогын қамтиды. Алынған нәтижелер сақтандыру ұйымдарында корпоративтік басқаруды күшейту және IT-инфрақұрылымды жетілдіру үшін негізгі бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда көрсетілген шаралар сақтандыру секторының орнықтылығын арттыруға, сондай-ақ 1-ден 2,41-ге дейінгі нысаналы мәні кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығының жиынтық индекcін 1,80 деңгейінде қалыптастыруға ықпал етті.

1.3-мақсат. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру.

3-нысаналы индикатор: БҚНҚК капиталының 2023 жылғы деңгейден өсімі – 6-15% (2026ж.01.01. – 7,2%).

Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру мақсатында 2025 жылы Агенттік мынадай шараларды іске асырды.

1. Risk Assessment Supervision System әдістемесі бойынша жыл сайынғы қадағалап бағалау жүргізілді, нәтижесінде нарыққа қатысушылар өз қызметінің ауқымы мен қабылданатын тәуекелдерді ескере отырып, тәуекел дәрежесі бойынша сараланды.

2. Меншікті капиталдың жеткіліктілік көрсеткіштерін бағалауды қоса алғанда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың (БҚНҚК) қаржылық орнықтылығына ай сайынғы негізде мониторинг жүргізілді. Кәсіби қатысушылардың қаржылық орнықтылығының нашарлау белгілері анықталған кезде олардың қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған ерте ден қою шаралары қолданылды.

3. 2025 жылы жүргізілген стресс-тестілеу қорытындысы бойынша БҚНҚ бағалы қағаздар портфелінің нарықтық орнықтылығы расталды. Активтер мен нормативтердің құнын бағалау ұйымдардың стресстік сценарийлердегі тәуекелдерді өтеу үшін жеткілікті капиталы бар екенін көрсетті.

4. 2025 жылы Агенттік IOSCO қағидаттарына және еуропалық тәжірибеге (ESMA, MiFID II/IFR) негізделген, іс-қимыл тәуекелдеріне және инвесторлардың мүдделерін қорғауға басымдылық бере отырып, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын қадағалаудың жаңа моделін әзірледі. Сапалық бағалау іс-қимылды қадағалау, корпоративтік басқару жүйелері, бизнес-модельді талдау және клиенттер деректерінің конфиденциалдығы блоктары бойынша 500-ден астам мәселені қамтиды. Сондай-ақ сандық көрсеткіштердің тізбесі қалыптастырылып, олардың негізінде рейтингтерді алдын ала есептеу орындалды.

Жоғарыда аталған шаралар бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыруға ықпал етті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша брокерлер және (немесе) дилерлердің, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы банктік және сақтандыру ұйымдарының капиталына инвестицияларды есепке алмағанда 304 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 7,2%-ға артық.

Бұл ретте, 2025 жылы нарықтан ірі қатысушылардың бірі – «First Heartland Securities» АҚ кеткенін атап өткен жөн, осының нәтижесінде 2024 жылмен салыстырғанда БҚНҚ капиталы өсуінің баяулауы байқалды.

2-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының экономиканы қаржыландырудағы тиімділігін арттыру

2.1. Екінші деңгейдегі банктердің нақты секторға кредит беруін кеңейту.

4-нысаналы индикатор: Банктердің бизнеске берілген кредиттерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі - 40-50% (2026ж.01.01. – 37,3%).

Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту үшін 2025 жылы Агенттік Ұлттық Банкпен және Үкіметпен бірлесіп мынадай жүйелі шараларды іске асырды.

1. Нақты секторды кредиттеуді пруденциялық ынталандыру шеңберінде 2025 жылғы шілдеде мыналарды көздейтін шаралар қабылданды:

- 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрақты қорландырудың нетто коэффициентінің (NSFR) нормативтік мәнін 0,9 деңгейінде сақтау;

- Қазақстан Республикасының Экспорт-кредиттік агенттігімен жасалған сақтандыру шарттарын енгізу есебінен тұрақты кепілдер тізбесін кеңейту;

- 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін қаржылық есептілік пен салық декларациясы арасындағы елеулі алшақтықтарды салыстыру жөніндегі талап енгізу күнін кейінге қалдыру есебінен кредиттік тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптарды жеңілдету.

2. Фискалдық ынталандыру ретінде 2024 жылғы наурыздан бастап Ұлттық Банктің ноттары бойынша банктердің табыстарына салық салу, ал 2026 жылдан

бастап Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша кірістерге 50% салық салу енгізілді. Бұған қосымша 2026 жылғы қаңтардан бастап корпоративтік табыс салығының сараланған мөлшерлемелері енгізілді: бизнесті кредиттеуден түскен кірістер бойынша 20% және тұтынушылық кредиттеуді қоса алғанда, қызметтің өзге түрлері бойынша - 25%. Аталған шаралар МБҚ-ға инвестициялардың тартымдылығын төмендетеді және кәсіпкерлікті кредиттеуді дамыту үшін ынталандыру туғызады.

3. ШОБ субъектілеріне қарыздарға кепілдік беру құралдарын кеңейту мақсатында 2025 жылғы маусымда «Даму» қорының базасында бизнестің кредиттері бойынша кепілдіктер беруді қамтамасыз ететін екі кепілдік қор құрылды (ШОБ кредиттері бойынша 7 млрд теңгеге дейін және ірі инвестициялық жобалар бойынша 7 млрд теңгеден астам).

Кепілдік беру тетігіне деген сенімді қолдау мақсатында аталған қорлардың кепілдіктері шартсыз және қайтарымсыз болып табылады. 2025 жылғы шілдеден бастап Кепілдік қорлары 599 млрд теңге сомасына кредиттер бойынша 3 мыңнан астам кепілдік берді.

4. Банктер тарапынан ірі инвестициялық жобаларды кредиттеу «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, банктер және «Атамекен» ҰКП қатысуымен синдикатталған кредиттеу және қоса қаржыландыру жөніндегі Жобалау кеңсесі шеңберінде жүзеге асырылады. Барлығы жалпы құны 3,1 трлн теңге болатын 11 жоба қаржыландыруға мақұлданды, оның ішінде ЕДБ қатысуымен – құны 2,3 трлн теңге болатын 8 жоба.

Жоғарыда аталған шаралар бизнеске кредиттердің 2025 жылы 18%-ға 15,4 трлн теңгеге дейін өсуіне ықпал етті (2023 жылғы көрсеткішке қатысты өсім нысаналы көрсеткіш 40-50% кезінде – 37,3%). Нысаналы индикатордың ішінара орындалуы, негізінен, жоғары инфляцияның сақталуына және ақша-несие саясатының өлшемдерін қайта қарауға байланысты болды.

2.2-мақсат. Сақтандыру секторының экономикадағы рөлін арттыру.

5-нысаналы индикатор: Сақтандыру ұйымдары активтерінің 2023 жылғы деңгейінен өсімі – 15-25% (2026ж.01.01. – 56,7%).

2025 жылы сақтандыру ұйымдарының активтерін арттыру үшін Агенттік халықты және бизнесті сақтандырумен қамтуды кеңейту және халықтың сақтандыру нарығына деген сенімін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

1. 2025 жылғы ақпанда қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесінде (ЖОМС) сақтандыру ұйымдары арасында шығынды кәсіпорындар бойынша тәуекелдерді бөлетін қайта сақтандыру пулы құрылды. 2025 жылы сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 17,6 млрд теңге құраған 3,0 мың сақтандыру шарты жасалды, сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы 3,0 млрд теңге болды.

2. 2025ж. наурызда «Келешек» жүйесі арқылы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сақтандыру шарттарын қаржыландыру көзделген. Мемлекеттен бөлінетін бастапқы капитал ағымдағы күнтізбелік жылы 5 жасқа толған баланың пайдасына шарт бойынша сақтандыру сомасына есептелетін

болады. Бүгінгі таңда жалпы сомасы 1,4 млрд теңге сомасына 7 мыңнан астам шарт жасалды.

3. 2025ж. маусымда ауданы 2 мың шаршы метрден асатын сауда кәсіпорындары мен ойын-сауық орталықтарына келушілер мен жалға алушыларды өрттен қорғау үшін адамдар жаппай болатын нысандар иелерінің жауапкершілігін жүктелген сақтандыру енгізілді.

4. Сақтандыру саласындағы жаңа цифрлық өнімдерді дамыту үшін сақтандыру компанияларына Қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңмен¹ IT-компанияларға инвестициялауға рұқсат етіледі.

Сақтандыру секторы активтерінің өсуі сондай-ақ жиналған сақтандыру сыйлықақылары көлемінің ұлғаюына (2025 жылы 12,5%-ға 1,7 трлн теңгеге дейін) және сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметінен түскен кірістерінің ұлғаюына байланысты.

Жоғарыда аталған шаралар сақтандыру ұйымдары активтерінің жоспарлы мәні 15-25% болған кезде 2023 жылғы деңгейден 56,7%-ға өсуіне ықпал етті.

2.3-мақсат. Ұлттық қор нарығының экономиканы қаржыландырудағы және инвестициялар тартудағы рөлін күшейту.

6-нысаналы индикатор: KASE-ге тартылған қаражаттың жинақталған жиынтық көлемінің 2023 жылғы деңгейден өсімі - кем дегенде 100% (2026ж.01.01. – 533,4%).

2025 жылы қор нарығының орнықтылығын арттыру және инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды.

1. KASE клирингтік орталығына (КАСС) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия берілді, бұл мәмілелерді орындау бойынша есеп айырысуды ақшамен ғана емес, бағалы қағаздармен де қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, КАСС-қа Fitch Ratings агенттігінің «Тұрақты» болжамымен BBB- деңгейінде ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі берілді.

2. Орталық депозитарийге (ОД) цифрлық қаржы активінің (ЦҚА) базалық активін және классикалық қаржы құралдарын есепке алу және сақтау үшін кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензия берілді. IRS нарығын және ISDA келісімімен қолдау көрсетілетін ұзақ мерзімді кросс-валюталық своптарды дамытуға бағытталған заңнамалық түзетулер қабылданды.

3. 2025 жылы Қазақстан бақылаушы мәртебесінде ACEAN+3 (ASEAN+3 Bond Market Forum) облигациялар нарығының форумына қосылды. Бұл стандарттарды үйлестіру арқылы ұлттық борыштық нарықтың дамуын қамтамасыз етеді және Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің нарықтарында инвесторлардың саудасы үшін мүмкіндік туғызады.

4. ОД шетелдік депозитарийлермен корреспонденттік қатынастарды кеңейту бойынша жұмысты жалғастырды. Сауд Арабиясы, Бахрейн, Оман, БАӘ

¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ Заңы

және Египет капитал нарықтарына шығуды қамтамасыз ету үшін 2025 жылы ОД First Abu Dhabi Bank-те шоттар ашты. Түркия мен Әзірбайжан нарықтарымен ықпалдасу мақсатында Ziraat Bank Turkey және Әзірбайжан Ұлттық депозитарлық орталығында шоттар ашылды.

Жоғарыда аталған шаралар KASE-ге тартылған қаражаттың жинақталған жиынтық көлемінің 2023 жылмен салыстырғанда жоспарлы мәні кемінде 100% болған кезде 533,4%-ға өсуіне ықпал етті (2023 жылы 1,5 трлн теңге, 2023-2025 жылдары – 9,8 трлн теңге).

2.4-мақсат. Микроқаржыландыру нарығының экономиканың өсуін қамтамасыз етудегі маңызын арттыру.

7-нысаналы индикатор: МҚҚЖҰ несие портфеліндегі бизнеске берілетін микрокредиттердің үлесі - кем дегенде 50% (2026ж.01.01. – 56,6%).

2025 жылы микроқаржы нарығының экономиканы дамытудағы рөлін нығайту үшін Агенттік мынадай шаралар қабылдады.

1. Тұтынушылық кредиттеу нарығында тәуекелдерді төмендету мақсатында борыш жүктемесі коэффициентінің (БЖК) ең жоғары мәнін соңғы 12 айда 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар және ойын бизнесіне тартылу белгілері бар қарыз алушылар үшін 0,5-тен 0,25-ке дейін төмендетуді, 5 жылдан астам мерзімі бар кепілсіз тұтынушылық қарыздарды беруге тыйым салуды, банктік қарыздар бойынша 30 күннен астам және микрокредиттер бойынша 1 күннен астам мерзімі өткен берешегі болған кезде микрокредиттер беруге, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалардың кәсіпкерлік мақсаттарына микрокредиттерге БЖК есептеу бойынша талаптарды таратуға тыйым салуды қоса алғанда, қосымша реттеушілік шаралар енгізілді.

2. Агенттік тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарды әзірледі және нарық қатысушыларымен келісті. Сонымен қатар, қадағалау практикасының икемділігін арттыру, банктер туралы жаңа заң шеңберінде тәуекелдерді уақтылы анықтауды және азайтуды қамтамасыз ету үшін МҚҰ тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау, құрылған резервтердің барабарлығы және жосықсыз практиканы анықтау мәселелері бойынша дәлелді пайымдауды қолдану бойынша заңнамалық түзетулер қабылданды. 52 МҚҰ бойынша кредиттеу бойынша лимиттер белгілеу және қарыз алушыларды бағалау рәсімдерін жақсарту арқылы дефолт деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылданды.

3. Микроқаржыландыру субъектілерін қадағалаудың екі деңгейлі жүйесін орнату мақсатында қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қарау, өз мүшелерін тексеру, сондай-ақ өз қатысушыларының есептілігін талдау жөніндегі функцияларды бере отырып, өзін-өзі реттеу институтын енгізу бойынша заңнамалық нормалар қабылданды.

Аталған шаралар бизнеске берілетін микрокредиттердің 7,4%-ға 1755 млрд теңгеге дейін ұлғаюына әкелді, бұл жоспарлы мәні кемінде 50% болған кезде МҚҚЖҰ несие портфелінің кемінде 56,6%-ын құрайды.

3-стратегиялық бағыт. Қаржы ұйымдарының адал іс-әрекетін қамтамасыз ету, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту

3.1-мақсат. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру.

8-нысаналы индикатор: Қаржылық сауаттылық индексі – 41,5% (2025 жылы – 41,5%).

2025 жылы Агенттік қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейтуге және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған келесі іс-шараларды іске асырды.

1. Қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңда борыш жүктемесін төмендету бойынша шаралар қабылданды, оның ішінде:

- кредиторлардың төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен азаматтарға, сондай-ақ кірісі 30%-дан астам төмендеген кезде халықтың әлеуметтік осал топтарына кемінде үш ай мерзімге қарыздар бойынша төлемді кейінге қалдыру міндеті;

- жеке тұлғалардың қарыздарын мерзімінен бұрын өтегені үшін банктердің комиссия алуына тыйым салу және микрокредиттер бойынша тұрақсыздық айыбын шектеу.

Кредиттеу кезінде банктердің жауапкершілігін арттыру үшін жеке тұлғаларды кредит қабілеттілігін бағалау кезеңінде тәуекел деңгейі жоғары қарыз алушылар ретінде жіктеуді, өмірлік мән-жайларды ескере отырып, реттеудің ішкі тәртібінің болуын, клиенттердің құқықтарын қорғау жөніндегі бөлімшелер құруды көздейтін тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптар енгізілді.

Ашықтықты арттыру үшін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) есептеу тәртібі өзгертілді:

- мобильді қосымшаларда ЖТСМ міндетті түрде көрсету, кредиторлардың интернет-ресурстарында ЖТСМ калькуляторын орналастыру;

- ЖТСМ есебіне қарыз алушының сақтандыру ұйымдарының пайдасына, оның ішінде кепіл нысанасын сақтандыруды қоса алғанда, ерікті сақтандыру шарттары бойынша төлемдерін енгізу.

2. Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін Қаржы нарығын дамыту және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңмен қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) Ұлттық қолжетімділік стандартын ескере отырып, азаматтардың осы санатына қаржылық қызметтер көрсету тәртібін әзірлеуге қойылатын талаптар енгізілді;

- 2) қашықтан арналар арқылы жасалатын кредиттік операцияларды растау не қабылдау үшін сенім білдірілген адамды тағайындау құқығы берілген.

Агенттік әзірлеген Азаматтардың аталған санаттарына жеке және қашықтан қызмет көрсету бойынша ұсынымдар банктер мен сақтандыру ұйымдарына жіберілді. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1,6 мың банк бөлімшесі мен 5,6 мың банкомат толығымен не ішінара Ұлттық стандартқа сәйкес келтірілді.

3. Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында оларға мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңіне қарыздар беруге заң жүзінде тыйым салынды, сондай-ақ көрсетілген талаптарды бұза отырып берілген кредиттерді есептен шығару міндеті белгіленді. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кейінге қалдыруға 35,8 мың әскери қызметшіге 8,6 млрд теңге сомасына 42,8 мың қарыз бойынша рұқсат берілді. 6 банкке, 17 МҚҰ мен 7 коллекторлық агенттікке қатысты қадағалау шараларының нәтижесінде 3 мың әскери қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

4. 2025 жылы Агенттік азаматтарды қаржылық сауатын ашу жұмыстарын жалғастырды. Қазақстанның қаржыгерлері қауымдастығымен, Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығымен, қаржы ұйымдарымен, құқық қорғау органдарымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Оқыту іс-шараларының бірыңғай жоспары шеңберінде жалпы саны 266,1 мыңнан астам тыңдаушыны қамтитын 232 оқыту іс-шарасы өткізілді.

Агенттік 12-15 жас аралығындағы балаларға арналған қаржылық сауаттылық бойынша 16 бейне сабақ әзірледі. Олардың жалпы қамтылуы 3 айда 80 мыңнан астам қаралымды құрады.

2025 жылғы 27 наурызда Skills Enbek платформасында қаржылық сауаттылық бойынша онлайн оқыту курсы іске қосылды. Оқыту бағдарламасына «Кредит беру», «Онлайн алаяқтардан қорғау», «Қаржы пирамидалары» және басқа да 9 сабақ кіреді. Есепті кезеңде 30 мың тыңдаушы оқудан өтті.

2025 жылы Агенттіктің www.gov.kz ресми интернет-ресурсында және www.fingramota.kz білім беру интернет-порталында алаяқтықтың алдын алу және қаржы пирамидаларының қызметі тақырыбында 168 ақпараттық материал орналастырылды.

Fingramota.kz интернет-порталда «Абайлаңыз: алаяқтар» мамандандырылған бөлімі жұмыс істейді, онда апта сайын алаяқтықтың неғұрлым кең таралған және өзекті схемалары туралы ақпараттық-түсіндіру материалдары жарияланады. Сондай-ақ, «Арнайы жоба» жаңа бөлімі іске асырылды, онда «Стоп-кредит» сервисінің тәртібі, міндетті автосақтандыру бойынша Еурохаттаманы қолдану тәртібі, сондай-ақ дропперлік үшін жауапкершілік шаралары түсіндіріледі.

2025 жылғы мамырдан бастап «Ретро FM» және «Жұлдыз FM» радиостанцияларының эфирінде 48 түпнұсқа ақпараттық радиобағдарлама және «Fingramota.kz-пен бес минут» 60 түпнұсқа аудиоролик мемлекеттік және орыс тілдерінде шықты.

Zakon.kz, InBusiness.kz интернет-ресурстарында 2025 жылы қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс қимыл тақырыптары бойынша 78 материал орналастырылды.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша шараларды одан әрі күшейту мақсатында Агенттік банктермен және микроқаржы ұйымдарымен бірлесіп әртүрлі нысаналы топтар үшін коммуникациялардың атаулы құралдарын көздейтін егжей-тегжейлі 2025 жылға арналған Медиажоспар әзірледі. Медиажоспар 2024 жылы Агенттікке келіп түскен азаматтардың жолданымдарын, өтініш берушілердің әлеуметтік бейнесін және жолданымдардың жиі кездесетін тақырыптарын талдауды ескере отырып жасалған.

2025 жылы Медиажоспарды іске асыру шеңберінде 13 микроқаржы ұйымымен бірлесіп жетекші БАҚ-пен 6 ірі медиа жоба іске қосылды, оның ішінде Tengrinews, Ulysmedia, Қарызсыз қоғам (<https://qogamfin.kz/kk>) интернет-порталдары, сондай-ақ Atameken Business Channel, 24kz телеарналары арқылы. Қаралымдардың жиынтық көлемі 8,4 млн қаралымды құрады.

Халықтың қаржылық сауаттылығының индексі қаржылық қызметтерді пайдаланудың жүйелі болуымен, сатып алынатын қаржы өнімдерінің талаптарын түсінумен, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді уақтылы орындаумен айқындалады. Әлеуметтанулық зерттеу қорытындысы бойынша 2025 жылы жоспарлы мәні 41,5% болған кезде қаржылық сауаттылық индексі 41,5%-ды құрады.

4-стратегиялық бағыт. Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту

4.1. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту және қаржы нарығында инновацияларды енгізу.

9-нысаналы индикатор: Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша Агенттікке бекітілген іске асырылған іс-шаралар коэффициенті - 75% (2025 жылы – 83,3%).

Бұл индикатор Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын² іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша (бұдан әрі – ҚСДТ жоспары) іс-шаралардың орындалу деңгейін көрсететін көрсеткіш болып табылады.

ҚСДТ жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша 2025 жылға 11 іс-шара жоспарланған.

1. Қаржы нарығын дамыту және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңға сәйкес банктер мен банк холдингтеріне электрондық сауда алаңымен және интернет-платформалармен

² «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығы

байланысты қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың капиталына қатысу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және биометриялық сәйкестендіру, ақпараттық қауіпсіздік және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және қызмет көрсету мүмкіндігі берілді.

Занды іске асыру үшін Агенттік Басқармасының «Банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталындағы инвестицияларының мөлшерін және банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталындағы инвестицияларының жиынтық мөлшерін белгілеу туралы» 20.08.2025ж. № 36 қаулысы қабылданды, ол банктер мен банк холдингтерінің жоғарыда көрсетілген қаржылық технологиялар компанияларына инвестициялар мөлшеріне қойылатын талаптарды белгілеуді көздейді.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын (ҰЦҚИ) одан әрі дамытуды қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк ҰЦҚИ-дың және оның құрауыштарының мәртебесін, ҰЦҚИ қағидаттары мен міндеттерін, Ұлттық Банктің ҰЦҚИ операторы ретіндегі өкілеттіктерін реттейтін заңнамалық түзетулер әзірледі. Бұдан басқа, Ұлттық Банк Агенттікпен бірлесіп ЦҚА-ны айналымға енгізу және олардың айналысының инфрақұрылымын қалыптастыру, сондай-ақ цифрлық активтер қызметтерінің лицензияланатын провайдерлері арқылы қамтамасыз етілмеген ЦҚА-ның (криптовалюталар) реттелетін айналымын кеңейту жөніндегі заңнамалық түзетулер әзірледі.

Көрсетілген заңнамалық түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 16.01.2026ж. қабылданған Заңның (бұдан әрі – Қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері жөніндегі заң) шеңберінде көзделген *(1.1-іс шара «Қолданыстағы қаржы нарығын реттеуді цифрлық технологияларды дамыту қажеттіліктеріне сәйкес келтіру», 1-міндет «Цифрландыруға жәрдемдесу»)*.

2. 2023 жылы қаржы нарығының инфрақұрылымында блокчейн-технологияларды қолдану бойынша халықаралық тәжірибеге талдау жүргізілді. Талдау көрсеткендей, блокчейн технологияларын қолданудың негізгі бағыттары цифрлық валюталар (CBDC) мен ЦҚА болып табылады.

Блокчейн-технологиялар Қазақстанның қаржы секторына белсенді түрде енгізілуде. 2023 жылдан бері елімізде майнинг мәселелері мен криптобиржалардың қызметін реттейтін цифрлық активтер туралы заң қолданылып келеді.

2023ж.29.06. Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің (ҚТК) отырысында ЦҚА-ны (криптоактивтерді) реттеу мәселесі қаралып, ЦҚА-ны реттеу жөніндегі ұсынылған тәсілдер бойынша нақты ұсыныстарды одан әрі пысықтау үшін ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

ҚТК отырысының 2023ж.14.09. №87 хаттамасымен Қазақстан Республикасының аумағында қаржы құралдарын айналымға енгізу және токендендіру тұжырымдамасы мақұлданды.

Қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңмен Ұлттық

Банктің цифрлық активтерге байланысты қызметке қатысты реттеудің ерекше режимін (реттеу ортасын) енгізу жөніндегі құзыреті кеңейтілді. 2025 жылғы шілдеде Ұлттық Банк цифрлық активтер бойынша реттеу ортасы мен пилоттық жобаларды іске қосты.

Ұлттық Банк Агенттікпен бірлесіп ЦҚА-ны кешенді құқықтық реттеуді енгізуді көздейтін заңнамалық түзетулер әзірледі. Аталған түзетулер Қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері жөніндегі заңның шеңберінде қабылданды (1.4-іс шара «Қаржы нарығының инфрақұрылымын дамытуда да, қаржы ұйымдарының қызметінде де блокчейн-технологияларды пайдалану бойынша халықаралық тәсілдерге талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу», 1-міндет «Цифрландыруға жәрдемдесу»).

3. Агенттік «ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025ж.25.06. №24 Басқарма қаулысын қабылдады, ол қашықтан іскерлік қарым-қатынас орнату кезінде клиенттерді сәйкестендіру және бірдейлендіру талаптарын күшейтуді, банктер үшін міндетті екі факторлы биометриялық аутентификациялауды енгізуді, сондай-ақ қауіпсіздікті арттыру және Know your customer (KYC) қағидатын сақтау үшін бейнеконференция жазбаларын немесе бейнелерді бес жыл сақтауды көздейді.

Тәуекелдерді басқару қағидаларында алаяқтық белгілері бар операцияларды анықтауды қоса алғанда, техникалық және аналитикалық шаралар арқылы құқыққа қайшы оқыс оқиғалардың алдын алуға басымдық бере отырып, алаяқтық тәуекелі, антифрод жүйесі және дроппер сияқты жаңа түсініктер қосылды. Аталған шаралар комплаенс пен ішкі бақылауды күшейту арқылы интернеттегі тәуекелдерді барынша азайта отырып, цифрлық қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған (2.1-іс-шара «Интернет желісінде қаржылық қызметтерді қауіпсіз ұсыну рәсімдерін, KYC (Know your customer) қағидалары және цифрлық қаржылық қызметтерді көрсету кезінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау қағидаттары бойынша комплаенс рәсімдерін әзірлеу», 2-міндет «Қаржы нарығының жаңа қаржылық технологиялары мен цифрлық сервистерін дамыту»).

4. Агенттік Басқармасының «ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025ж.25.06. №24 қаулысымен Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді, олар ESG тәуекелдері туралы есепті кезенді түрде жариялауға қатысты талаптарды көздейді. Негізгі өзгерістер келесіні қамтиды:

- орнықты даму жөніндегі есепте қаржылық емес ақпарат ретінде көрсетілетін «орнықты даму жөніндегі ақпарат (ESG)» және экология, әлеуметтік жауапкершілік пен корпоративтік басқару мәселелерін қамтитын жеке есеп немесе жылдық есептің бір бөлігі ретіндегі «орнықты даму жөніндегі есеп» ұғымдарын енгізу;

- банктің қаржылық нәтижелеріне әсер ететін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару тәуекелдері ретінде ESG тәуекелдерін анықтау;

- директорлар кеңесінің орнықты даму жөніндегі ақпараттың (ESG) уақтылы және дұрыс ашылуын бақылау, сондай-ақ банктің орнықты даму стратегиясын (оның ішінде жалпы стратегияның бір бөлігі ретінде) бекіту

жөніндегі жауапкершілігін белгілеу;

- ESG тәуекелдерін басқару саясаттары бар және орнықты даму жөніндегі шоғырландырылған есептерді (ESG) жариялайтын халықаралық банктердің еншілес ұйымдары үшін ерекше жағдайлар.

Аталған өзгерістер қаржы ұйымдарының ESG-ақпаратты ашуына қойылатын талаптарды тәуекел менеджменті жүйесіне ықпалдастыра отырып күшейтеді. Көрсетілген талаптар 2027 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі (1.2-іс-шара «Қаржы ұйымдарының ESG тәуекелдері туралы есепті мерзімді жариялауы жөніндегі талаптарды белгілеу», 3-міндет «ESG қағидаттарын енгізу»).

5. «Банктердің, банктердің ірі қатысушыларының, банк конгломераттарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, Қазақстанның Даму Банкі мен кредиттік бюролардың қызметін бақылау мен қадағалаудың ішкі рәсімдері жөніндегі нұсқау» құжатына түзетулер әзірленді. Аталған құжатта соған сәйкес банктерді қадағалайтын бөлімше ESG тәуекелдерін басқару саясатының болуы бөлігінде банктердің Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын сақтауын тексеруді жүзеге асыратын норманы бекіту көзделген.

Көрсетілген түзетулер Агенттік Төрағасының 2025ж.15.12. №Б-322 бұйрығымен бекітілді және 2027 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі (3.1-іс-шара «ESC тәуекелдерін мониторингтеу тетігін енгізу және оларды қаржы ұйымдарын қадағалау жүйесіне ықпалдастыру», 3-міндет «ESG қағидаттарын енгізу»).

6. Агенттік Төрағасының 26.06.25 ж. №Б-168 бұйрығымен олардың кінәсінен қаржы ұйымдары лицензияларынан айырылған тұлғалар туралы мәліметтер тізбесі қалыптастырылды. Тізбе топ-менеджменттің дербес жауапкершілігін күшейту, қаржы секторындағы маңызды позицияларға кінәлі тұлғаларды қайта тағайындауға жол бермеу мақсатында әзірленген және әрекеттері немесе әрекетсіздігі заңнаманы жүйелі түрде бұзғаны, қаржылық тәуекелдер немесе тиімсіз басқару үшін лицензияларды кері қайтарып алуға алып келген банктердің, микроқаржы ұйымдарының және басқа қаржы институттарының менеджерлері мен басшылары туралы деректерді қамтиды (3.2-іс-шара «Олардың кінәсінен қаржы ұйымдары лицензияларынан айырылған тұлғалар туралы мәліметтер тізбесін қалыптастыру», 4-міндет «Қаржы нарығындағы құзыретті дамыту»).

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024ж.24.12. №89 қаулысымен цифрлық активтерді, технологияларды, ESG-тәуекелдерді және қаржы секторының өзгеріп жатқан құрылымын есепке ала отырып, 2025-2029 жылдарға арналған Қаржы нарығындағы реттеушілерді цифрлық трансформациялау стратегиясы бекітілді. Стратегия SupTech негізінде проактивті, дата-орталықтандырылған және интеллектуалды қадағалауға өтуге, ЖИ, машиналық оқытуды және ауқымды деректерді талдауды кеңінен қолдануға, қадағалау шешімдерінің жылдамдығы мен сапасын елеулі түрде арттыруға, сондай-ақ туындайтын тәуекелдердің алдын алуға мүмкіндік беретін қадағалаудың заманауи технологиялық экожүйесін құруға бағытталған. (1.1-іс шара «SupTech-сервистерді дамыту», 5-міндет «Қаржы нарығына қатысушылармен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру»).

8. Агенттік Төрағасының 2025ж.27.06. № Б-170 бұйрығымен SupTech және RegTech технологияларын дамытуды көздейтін 2025-2027 жылдарға арналған

Цифрлық трансформациялау стратегиясы бекітілді. Осы стратегия шеңберінде Агенттікті цифрлық трансформациялаудың 3 бастамасы айқындалды:

- тәуекелдерді айқындау сапасы мен жылдамдығын арттыру, қаржы нарығының жай-күйінің кешенді көрінісін қалыптастыру үшін Бірыңғай қадағалау платформасын құру арқылы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- қаржы нарығындағы жүйелі проблемалар мен жосықсыз практикаларды анықтау үшін Жолданымдар фабрикасын құру арқылы қаржы жүйесіне деген сенімділікті арттыру;
- QAINAR ААӨЖ дамыту арқылы қаржы нарығының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету (2.1-іс-шара «RegTech-сервистерді дамыту», 5-міндет «Қаржы нарығына қатысушылармен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру»).

9-11. Агенттік Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне (ЖИЦДМ) 2025ж.11.07. №10-2-03/35440 хатымен ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ЖИЦДМ, Ұлттық Банк және Агенттік құзыреттерінің/өкілеттіктерінің аражігін ажырату, қаржы нарығы субъектілерін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жатқызу өлшемшарттарын айқындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын ISO 27000, 27001 стандарттарымен сәйкес келтіру бойынша ұсыныстар жіберді.

«Ақпараттандыру туралы» Заңға сәйкес Ұлттық Банк және Агенттік ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы дербес субъектілер деп танылады. Агенттікке қаржы нарығындағы ақпараттық қауіпсіздікті, ал Ұлттық Банкке төлем жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша функцияларды бекіту ұсынылды, бұл функциялардың қайталануын болдырмауға және басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖИЦДМ ақпаратына сәйкес 2026 жылғы 9 қаңтарда Мемлекет Басшысы Цифрлық Кодексті және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII ҚРЗ Заңды қабылдады.

Ілеспе заң шеңберінде нормалары халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілген киберқауіпсіздік туралы жеке заң шеңберінде киберқауіпсіздік мәселелерін реттеу көзделген. «Киберқауіпсіздік туралы» Заң жобасы ЖИЦДМ, Ұлттық Банктің және Агенттіктің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы құзыреттерін/өкілеттіктерін саралауды және шоғырландыруды, қаржы нарығы субъектілерін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері ретінде жіктеу өлшемшарттарын нақтылауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын ISO 27000, 27001 стандарттарына сәйкес келтіруді көздейді (1.1 «Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы құзыреттердің аражігін ажырату және ЦДИАӨМ, ҰБ және ҚНРДА құзыреттерін/өкілеттіктерін шектеу және бекіту», 1.2 «Қаржы нарығы субъектілерін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жатқызу өлшемшарттарын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды нормативтік ортаға енгізу», 1.3 «Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын 180 27000, 27001 халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру» іс шаралары, 6-міндет «Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік»).

2025 жылдың қорытындылары бойынша ҚСДТ жоспарының 2 «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша жоспарланған іс-шаралар орындалды және іске асырылған іс-шаралар коэффициенті жоспар 75% болған кезде 83,3%-ды құрады.

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту
агенттігінің стратегиялық жоспарының 2025 жылы іске асырылуы
бойынша қорытындылар және ұсыныстар**

2025 жылы Қазақстанның қаржы секторы сақталып отырған геосаяси қысым, шикізат нарықтарының құбылмалылығы, әлемдік экономикадағы сауда-тарифтік тәуекелдердің ушығуы, сондай-ақ еліміздегі инфляциялық қысымның өсуі жағдайларында дамыды.

Агенттік 2025 жылдың қорытындылары бойынша Агенттіктің 2024-2028 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарының 8 нысаналы индикаторына толық көлемде қол жеткізді, 1 нысаналы индикатор («Банктердің бизнеске берілген кредиттерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі») 93,3%-ға орындалды (жоспарланған 40% жағдайында факт 37,3%), бұл айтарлықтай дәрежеде экономикада инфляция мен пайыздық мөлшерлемелердің өсуіне байланысты болды. Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту мақсатында 2025 жылы Агенттік фискалдық және пруденциялық сипаттағы ынталандыру шараларының кешенін іске асырды. Сонымен қатар, бизнеске кредит берудің одан әрі орнықты өсуінің негізгі шарты макроэкономикалық көрсеткіштерді, ең алдымен инфляция мен пайыздық ортаны тұрақтандыру болып қала береді.

Мұндай жағдайларда Агенттіктің, Ұлттық Банктің және Үкіметтің орта мерзімді перспективада бірлескен жұмысының басым бағыттары инфляцияны төмендету және орнықты төмен деңгейде бекіту, экономикалық өсуді қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржы секторының тұрақтылығын арттыру болып табылады.